

Ақшатау орта мектептеги психологының 2022-2023 жылдық талдауы

Бірінші сынып окушыларының мектепке дайындығын бағдарлау тесті алынды К.Ирасек және “Менің класым” жобалау тесті алынды. Нәтижесінде окушылар мектепте оқуға психологиялық тұрғыдан дайын. 5-сынып окушыларының әлеуметтік психологиясын анықтау мақсатында «Отбасы суреті» тесті алынды. Басса -Дарки. Агрессия түрін анықтауға арналған 6-11 сыныптардан сауалнама алынды. 5 сынып окушыларына «Із кезуші» атты психологиялық акция өткізілді. Қазан айында “Менің класым” суреттік тесті алынды. Мақсаты: Окушылардың орта буынга бейімделуін анықтауға арналған тест.

5-7 сыныптардан Жасөспірімдердің мықты жактары мен киындықтарын анықтау мақсатында Р. Гудман сауалнамасы алынды. 8-11 сыныптардан корқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау мақсатында. DASS сауалнамасы алынды. 6-7 сынып окушыларынан корқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау мақсатында. Зунге сауалнамасы алынды. Қорытындысы бойынша депрессиясы, стресі орташа, қастандыққа жақын окушылармен жартылай сұхбаттар жүргізіліп, түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп отырды. Наурыз айында дасс сауалнамасы кайта алынды.

Мақсаты: Корқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау. Нәтижесінде окушылардың корқыныш, стресс, депрессия деңгейі орташа, қалыпты деңгейді көрсетті. Сәуір айында Э.Ф.Замбацавичене әдістемесі алынды. Мақсаты: окушылардың біліктілік деңгейін зерттеу. Мамыр айында «Сенін кәсіптік мақсаттарын» сауалнамасы 9 сыныптаң алынды. «Кактус» жобалау әдістемесі 5-сынып окушыларының орта буынға бейімделуін зерттеу жүргізілді.


7 сынып окушыларына үлкен психологиялық «Калейдоскоп» ойыны жүргізілді. Қараша айында 5-11 сынып окушыларынан Социометрия (Дж.Морено) карым-қатынасты анықтауға арналған әдістеме жүргізілді. Нәтижесінде сыныптың лидерлері анықталды. Психомоториканы дамыту мақсатында 1-4 сынып окушыларына түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Қабылдау мен есте сактау қабілетін дамытуға арналған жаттыгулар.

(Т.В.Артемьева) Бастауыш сынып окушыларына «Тыңда және орында», «Бұзылған телефон», Ассоциация, «Корректуралық тапсырмалар» , «Жасырынып тұрган сөздерді тап», «Аспан – жер - су» «Сөйлемдерді курастыру», «Сәйкестендіру» 5-сыныпқа «Кикілжінің денсаулыққа әсері» ойыны түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп отырды. 9-11 сынып окушыларына «Емтихан» іскерлік ойыны жүргізілді. 5-8 сынып окушыларына психологиялық жобалық ойын «Ұйқыдағы кала» атты ойындар ойнатылды. Профилактика және психологиялық ағарту жұмыстары бойынша «Мереке» атты 3-4 сыныптарға психологиялық акция жүргізілді. Отбасы күніне орай «Әке таудан үлкен, ана жүрегі тенізден терен” атты ата-аналарға арналған

тренинг өткізді. Психологиялық акция «Күпия дос» 5-11 сынып оқушыларына жүргізілді.

“Өмір-қымбатсың маган”, «Өмір шексіз керуен» атты 9-10, 7-8 сынып оқушыларына тренингтер жүргізілді. “Буллингтің себептері, түрлері, алдын-алу жолдары” атты ата-аналармен жұмыс жүргізілді.. «Құқықтық тәрбие отбасынан басталады» атты ата-аналармен жұмыс жүргізілді. Қызы балаларға ерте жүктіліктің алдын алу максатында «Ерте жүктіліктің нәтижесі», «Қызын үйде кылығы түзде», «Ерте жүктілік несімен қауіпті» атты дөнгелек үстел. «Қызы бала әдебі», «Ерте жүктілік деген не? Ерте жүктілік- болашакқа балта шабу», «Ерте жүктіліктің салдары» атты тақырыбында қызы балалармен жұмыстар жүргізілді. “Зорлық-зомбылықсыз балалық шак”, «Қызы тәрбисі үлт тәрбисі» атты ата-аналарға арналған жұмыстар жүргізілді.

Мамыр айында «Менің сыныбым буллингке карсы!» атты членендж және «Біздің мектеп буллингке карсы!» атты флемшоб үйымдастырылды. ҰБТ-га баратын оқушылардың корқыныш қезімдерін басу максатында кеңес беріліп жаднама таратылды. Ата-аналарға мамандық таңдау бойынша кеңестермен ұсыныстар берілді. ҰБТ тапсыратын оқушыларға «Емтиханда өзінді ұстая ережесі» жаттыгулар өткізді. Жоспар бойынша жаңадан келген оқушыларға психологиялық кеңестер беріліп отырды. 1-5 сынып оқушыларына бейімделуге байланысты кеңестер беріліп отырды. Топтық және жеке кеңестер берілді. Тесттің корытындысы бойынша депрессиясы, стресі орташа, кастандыққа жақын оқушылармен жартылай сұхбаттар жүргізіліп, түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп отырды. 2022-2023 оку жылында «Психологиялық-педагогикалық тренинг арқылы жеке тұлғаның рухани адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру » аудандық деңгейде «Психологиялық консультация және метофолоралық ассоциативтік карточкалардың тиімділігі»(Республикалық деңгей), «Жыныстық тәрбие және балалармен жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу» облыстық семинарларға қатыстым.

Мектеп психологы:  Елекбаева Гүлбарам Саматовна